ИП «Астана» бөбекжайы

Қамқоршылық кеңес отырысының №1 жалпы отырысының хаттамасы

Өткізілген күні: 5 қыркүйек 2023ж

Өткізілген орны: ИП «Астана» бөбекжайы

Жиналыс төрағасы: Сапаргалиев Е.М.

Жиналыс хатшысы: Габдуллина А.Е.

Қатысқандар: қамқоршылық кеңес мүшелері – 8 адам; шақырылғандар –13 адам.

КҮН ТӘРТІБІ

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 1 наурыздағы №56 бұйрығымен бекітілген қағидалармен танысу.
2. Қамқоршылық кеңестің құрамын сайлау.
3. Қамқоршылық кеңестің 2023–2026 жылдарға арналған жұмыс жоспарын бекіту.
4. Ерікті жарналар қаражатын пайдалану бағыттары мен тәртібін айқындау.
5. Мектепке дейінгі ұйымды 2023–2026 жылдардағы қысқы кезеңдердегі жұмысқа дайындау.

1 мәселе Қамқоршылық кеңес жұмысының қағидалары және алдыңғы оқу жылының есебі

ТЫҢДАЛДЫ: Сапаргалиев Е.М. қамқоршылық кеңес жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларының негізгі талаптарымен таныстырды. Кеңестің қызметі ашықтық, еріктілік, алқалылық және есептілік қағидаттарына негізделетіні, отырыстарды өткізу, шешімдер қабылдау және есеп беру тәртібі түсіндірілді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ

1.1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 1 наурыздағы №56 бұйрығымен енгізілген өзгерістер ескеріле отырып, Қамқоршылық кеңес жұмысының үлгілік қағидалары басшылыққа алынсын.

1.2. Кеңес қызметінің ашықтығы қамтамасыз етіліп, қабылданған шешімдер мен есептер белгіленген тәртіппен жариялансын.

2 мәселе Қамқоршылық кеңестің құрамын сайлау

ТЫҢДАЛДЫ: Бөбекжай меңгерушісі Мусина А.И. кеңес құрамына ұсынылған кандидаттарды таныстырды. Кандидаттардың келісімі мен кеңес жұмысына қатысу мүмкіндігі талқыланды.

ҰСЫНЫЛДЫ: Қамқоршылық кеңестің құрамын төмендегі тізім бойынша сайлау.

№	Аты-жөні	Жұмыс орны, қызметі	Қамқоршылық кеңестегі қызметі
1	Сапаргалиев Ерболат Мұхтарұлы	Ішкі саясат бөлімінің басшысы	Төраға
2	Жумахметова Арайгул Нурлыбаевна .	"Ақжайық аудандық ауруханасы" МКҚ ШЖҚ	Мүшесі

Scanned with CamScanner

		балалар дәрігері	
3	Биканов Артур Аибканович	Жаңақала ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығының орынбасары - жұмылдыру бөлішесінің бастығы	Мүшесі
4	Жамбылова Зере Мұрадымқызы	М.Әуезов атындағы 2 ЖОББМ математика пәні мұғалімі	Мүшесі
5	Кисметова Жанар Нагымгалиевна	М.Әуезов атындағы 2 ЖОББМ мұғалім-логопед	Мүшесі
6	Мишуллиева Жанаргул Болатовна	Жеке кәсіпкер	Мүшесі
7	Нургалиева Фарида	Жеке кәсіпкер	Мүшесі
8	Есенгазиева Айнур	Жеке кәсіпкер	Мүшесі
9	Мауленов Айдос Алибекович	№1 ЖОББМ мұғалімі	Мүшесі

Хатшы: Габдуллина Алия Есенбаевна Балалар музыка мектебінің мұғалімі

ҚАУЛЫ ЕТТІ

2.1. Ұсынылған кандидаттар ИП «Астана» бөбекжайының Қамқоршылық кеңесінің құрамына сайлансын.

2.2. Қамқоршылық кеңесінің төрағасы болып Сапаргалиев Е.М., хатшысы болып Габдуллина А.Е. сайлансын.

2.3. Кеңес мүшелерінің өкілеттік мерзімі қолданыстағы қағидаларға сәйкес белгіленсін.

3 мәселе Қамқоршылық кеңестің 2023–2026 жылдарға арналған жұмыс жоспары

ТЫҢДАЛДЫ: Қамқоршылық кеңес мүшесі Кисметова Ж.Н. кеңестің 2023–2026 жылдарға арналған жұмыс жоспарының жобасын таныстырды. Жоспарда кеңес отырыстары, материалдық-техникалық базаны қолдау, балалардың қауіпсіздігі, ата-аналармен ынтымақтастық, қайырымдылық көмекті есепке алу және кеңес қызметі туралы есеп беру шаралары қарастырылған.

ҚАУЛЫ ЕТТІ

3.1. Қамқоршылық кеңестің 2023–2026 жылдарға арналған жұмыс жоспары бекітілсін.

3.2. Жоспарда белгіленген іс-шаралардың орындалуына жауаптылар жұмыстарды белгіленген мерзімде ұйымдастырсын.

4 мәселе Ерікті жарналар қаражатын пайдалану бағыттары мен тәртібі

ТЫҢДАЛДЫ: Кеңес төрағасы Сапаргалиев Е.М. ерікті жарналарды қабылдау мен пайдалану кезінде еріктілік, ашықтық, нысаналы пайдалану және есептілік талаптарын сақтау қажеттігін түсіндірді. Ата-аналардан немесе өзге тұлғалардан жарна беруді талап етуге, мөлшерін міндеттеуге және қолма-қол ақша жинауға жол берілмейтіні атап өтілді.

Scanned with CamScanner

ҰСЫНЫЛДЫ: Ерікті қаражатты тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз әрі қолайлы жағдай жасауға, материалдық-техникалық базаны нығайтуға, дамыту ортасын жабдықтауға және санитариялық-гигиеналық жағдайды жақсартуға бағыттау.

ҚАУЛЫ ЕТТІ

4.1. Ерікті жарналар тек жеке және заңды тұлғалардың ерікті шешімі негізінде қабылдансын; мәжбүрлеп жинауға және жарнаның міндетті мөлшерін белгілеуге жол берілмесін.

4.2. Қаражат заңнамада белгіленген тәртіппен ұйымның тиісті банктік шотына аудару арқылы қабылдансын. Қолма-қол қаражат жинауға жол берілмесін.

4.3. Қаражат кеңес мақұлдаған қажеттіліктер мен шығыс сметасына сәйкес: қауіпсіздік шараларына, материалдық-техникалық базаны нығайтуға, ойын және дамыту құралдарына, санитариялық-гигиеналық жағдайды жақсартуға пайдаланылсын.

4.4. Әрбір түсім мен шығыс растайтын құжаттармен рәсімделіп, қаражаттың пайдаланылуы туралы есеп қамқоршылық кеңеске тоқсан сайын ұсынылсын және ақпарат қолжетімді түрде жариялансын.

4.5. Қаражатты нысаналы пайдалану мен есептілікті бақылау кеңес төрағасы Сапаргалиев Е.М.және ұйымның жауапты тұлғасы Мусина А.И. жүктелсін.

5 мәселе Мектепке дейінгі ұйымды қысқы кезеңдегі жұмысқа дайындау

ТЫҢДАЛДЫ: ИП «Астана» бөбекжайының меңгерушісі Мусина А.И. ұйымның қысқы кезеңге дайындығы туралы хабарлады. Жылу жүйесінің, терезе мен есіктердің, сумен жабдықтаудың, электр желілерінің, өрт қауіпсіздігі құралдарының жай-күйі, аумақты қар мен мұздан тазалау және балалардың қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ету мәселелері қаралды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ

5.1. Мектепке дейінгі ұйымның қысқы кезеңге дайындығы туралы ақпарат назарға алынсын.

5.3. Өрт қауіпсіздігі құралдарының, эвакуация жолдарының және төтенше жағдай кезіндегі іс-қимыл жоспарының дайындығы қамтамасыз етілсін.

5.4. Аула аумағын қардан уақтылы тазалау, мұзға қарсы материал себу, кіреберістер мен жаяу жолдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету ұйымдастырылсын.

5.5. Топ бөлмелеріндегі температуралық режим, желдету және санитариялық талаптардың сақталуы тұрақты бақылауда ұсталсын.

5.6. Қысқы кезеңге дайындық шараларының орындалуын бақылау меңгеруші Мусина А.И. жүктелсін.

Жиналыс төрағасы: /Сапаргалиев Е.М./

Жиналыс хатшысы: /Габдуллина А.Е./

Scanned with CamScanner